

Ауылдық жерде жұмыс істейтін, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 қантардағы № 19 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 қантарда № 9-19-90 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 85 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 11.05.2014 № 85 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 10.10.2013 № 244 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, 18-бабының 2-тармағына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 10.10.2013 № 244 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ұзынкөл ауданының әкімдігінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 255 "2009 жылға арналған аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін келісім туралы" қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ұ зы н к ө л**

ауданының әкімі

A. Сейфуллин

**КЕЛІСІЛДІ**

Ұзынкөл

ауданының

әкімдігінің

2009

жылғы

19

қантардағы

№ 19

қаулысына

қосымша

# **Ауылдық жерде жұмыс істейтін, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі**

Ескерту. Қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 10.10.2013 № 244 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **1. Әлеуметтік қамтамасыз ету мамандарының лауазымдары:**

- 1) күту бойынша бөлімнің менгерушісі;
- 2) күтуші әлеуметтік жұмыскер.

## **2. Білім беру мамандарының лауазымдары:**

- 1) барлық мамандықтағы мұғалімдері;
- 2) мектеп, шығармашылық үйінің директоры;
- 3) мектепке дейінгі балалар мекемесінің, мектеп жанындағы интернаттың, өмір сүру орталығының директоры (менгерушісі);
- 4) деңе тәрбиесінің басшысы;
- 5) алғашқы әскери даярлық басшысы;
- 6) оқу, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, тәрбие жұмысы жөніндегі, қосымша білім берудің басқа да үйымдарының директордың  
орынбасары;
- 7) логопед;
- 8) әлеуметтік педагог;
- 9) педагог-ұйымдастырушы;
- 10) қосымша білім беру педагогы;
- 11) педагог-психолог;
- 12) аға тәрбиеші, тәрбиеші;
- 13) музикалық жетекші;
- 14) аға жетекші;
- 15) деңе тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;
- 16) оқу-өндірістік (оқыту) шеберханасының менгерушісі;
- 17) зертхананың, кабинеттің менгерушісі;
- 18) еңбек жөніндегі нұсқаушы;
- 19) аға әдістемеші, әдістемеші;
- 20) өндірістік оқыту шебері;
- 21) аға шебері;
- 22) медициналық бике;
- 23) кітапхана шы;
- 24) кітапхана менгерушісі;
- 25) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы.

### **3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:**

- 1) ұйымның директоры, басшысы, бастығы;
  - 2) бөлімшесі басшысы;
  - 3) директордың, басшының, бастықтың орынбасары;
  - 4) сектордың, бөлімнің менгерушісі;
  - 5) сектор, халық ұжымының басшысы;
  - 6) суретші-ресімдеуші, суретші-киімші;
  - 7) бейне-дыбыс ресімдеу маманы;
  - 8) кітапханаши, бас кітапханаши, библиограф;
  - 9) мәдени үйымдастырушы;
  - 10) аккомпаниатор;
  - 11) басшы суретші;
  - 12) хореограф;
  - 13) әдістемеші, аға әдістемеші, жетекші әдістемеші, нұсқаушы  
әдістемеші;
  - 14) хормейстер;
  - 15) техник-даудыс операторы;
- 16) концертмейстер.